● *Qarjy naryğy*

***Кредиттік тарих — бұл қарыз алушының кредиттер немесе бөліп төлеуге қанша өтінім бергенін, қандай кредиттік ұйымдарға жүгінгенін, мерзімі кешіктірілген төлемдер санын, кепілгер немесе қоса қарыз алушы ретінде әрекет еткенін және кредиттік ұйымдар үшін маңызды болуы мүмкін басқа мәліметтерді көрсететін есеп.***

# Кредиттік тарих қалай қалыптасады?



Кредиттік тарихты қарыз алушы өтінімді жіберген, ай сайынғы төлем жасаған, қарызды мерзімінен бұрын немесе келісілген мерзімде өтеген сайын толықтырып отырады. Кредиттік ұйымдар қарыз алушы бойынша барлық ақпаратты жинайды және оны "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Заңға сәйкес кредиттік тарих субъектісі туралы соңғы деректерді алған сәттен бастап он жыл бойы сақтайтын кредиттік бюроларға жібереді.

Жеке кредиттік есепті алудың әртүрлі жолдары бар. Мұны интернетте немесе мобильді қосымша арқылы, кредиттік бюролардың кеңселерінде, ХҚКО-да немесе "Қазпошта" арқылы жасауға болады. "Мемлекеттік кредиттік бюродан" кредиттік тарихты алу үшін сізге жеке куәлік пен толтырылған өтініш қажет.

Кредиттік ұйымдар кредиттік тарихқа әртүрлі өлшемшарттар бойынша талдау жүргізеді. Мысалы, бір кредиттік ұйым соңғы жылғы қарыздар бойынша мәліметтерді тексереді, екіншісі соңғы үш жылда кредиттің уақытылы өтелгеніне талдау жүргізеді. Немесе кейбір кредиттік ұйымдар төлем мерзімін бір-екі рет өткізіп алғандарға несие бермейді, ал кейбір кредиттік ұйымдар төлем мерзімін бірнеше рет кешіктіргендерге де ақша беруге дайын тұрады.

Кредиттік тарихтың нашар екендігінің негізгі көрсеткіштері – төлем мерзімінің өтуі және кредиттік жүктеменің жоғары болуы. Әсіресе кредиттің коллекторларға сатылуы, қарыз алушының сотқа тартылуы немесе несиенің мүлдем төленбеуі теріс көрсеткішке алып келеді. Мұндай жағдайларда банк кредит беруден бас тартады. Барлық басқа көрсеткіштер қосалқы болып табылады. Мысалы, сіз кредитке жиі өтінімдер жібердіңіз немесе олар бойынша шешім қабылдау бір банк үшін маңызды болып табылса, ал екіншісі бұл ақпаратқа неғұрлым түсіністікпен қарайды.

Жекелеген банктер кредиттік тарихы жоқ қарыз алушыларға сақтықпен қарауы мүмкін.

1 қазаннан бастап қаржы институттары үшін берілген жаңа қарыздарды кредиттік бюроға міндетті түрде күн сайын түсіру туралы талап күшіне енеді. Қарыз беру туралы ақпарат жұмыс күнінің соңында бюроға беріледі. Егер кредит демалыс немесе мереке күндері берілсе, ақпарат келесі күнгі жұмыс күні жаңартылады.

Қарыз алушы кредиттік тарихты қалай өзгерте алады? Бұл сұрақты кредиттік тарихы нашар қарыз алушылар жиі қояды. Кредиттік тарихты түзетуге, тазартуға немесе жоюға болмайтынын естен шығармау керек.

Кредиттік тарихты жақсарту үшін бар берешекті өтеу қажет. Берешек өтелген болса, кредиттік ұйымдар жаңа қарыз рәсімдеу мүмкіндігін қарастыра алады.

Екінші – депозит ашу керек. Бұл фактор кредиттік міндеттемелердің тарихына тікелей әсер етпейді, бірақ сіздің пайдаңызға жарауы мүмкін. Өйткені кредитке берілген өтінімді қарау кезінде банк депозиттің баржоғын назарға алады. Ал егер, үнемі толықтырып тұрсаңыз, бұл төлем қабілеттілігін көрсететін жақсы нышан. Кредиттік тарихты жақсарту – уақытты талап ететін процесс. Бірақ онсыз кезекті кредит немесе бөліп төлеу мүмкіндігін ала алмайтыныңызды түсіну қажет.

Заңнамаға сәйкес кредиттік бюролар тек кредиттік есепті ғана емес, сондай-ақ жеке тұлғалар үшін дербес кредиттік рейтингті де бере алады.

Дербес кредиттік рейтинг – бұл кредиттік тарихтың жазбалары негізінде автоматты түрде есептелетін балл. Әрбір қарыз алушы өзінің дербес кредиттік рейтингін біле алады. Кредиттік рейтингтің деңгейіне мерзімді кешіктіру, қолданыстағы кредиттердің саны, коллекторларға сатылған борыштардың болуы сияқты және басқа да факторлар ықпал етеді.

**Алма ДӘУРЕНБЕКОВА,**
**Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Петропавл қаласындағы өңірлік өкілдігі басқармасының басшысы.**

## Хабарландыру

2023 жылы 16 қазан күні сағат 11.00-де "NeoCenter" ЖШС ықтимал әсер туралы жоба бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Өтетін орны: СҚО, Қызылжар ауданы, Рощинск ауылдық округі, Пеньково ауылы, Центральная көшесі, 13 (Рощинск а.о әкімдігінің ғимараты). Қатысушылар жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткеннен кейін тіркеле алады.

Қосылу мәселелері бойынша әзірлеушінің телефондарына хабарласуға болады.

Тұтынушы, мәліметтер мен байланыс деректері: "NeoCenter" ЖШС СҚО, Қызылжар ауданы, Рощинск а/о, Березовка ауылы, телефоны 8-715-2-50-49-49. БИН 161240013855

Әзірлеуші: "СЕВЭКОСФЕРА" ЖШС, Петропавл қаласы, Алтынсарин көшесі, 168Б, каб.306, телефоны 46-77-56.

Жергілікті атқарушы орган: "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" КММ, телефоны 8(7152) 53-36-40.

Жоба бойынша құжаттама https://ecoportal.kz БЭК-тің "Қоғамдық тыңдау" бөлімінде орналасқан.

Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Бірыңғай экологиялық порталда және "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" КММ сайтында сілтеме беріледі.

Жоба бойынша ақпарат алуға және құжаттардың көшірмелерімен танысуға, ескертулер мен ұсыныстар жіберуге болатын электрондық және пошталық мекенжай: "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Парк көшесі, 57в, e-mail: dpr@sko.gov.kz

* * *

Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы мекемеде www.dpr.sko.gov.kz. веб-сайты жұмыс істейтінін хабарлайды.

Басқарманың веб-сайтында басқарма басшысының блогын және виртуалдық қабылдау қызметін қолдануға болады, оның көмегімен басқарманың қызметіне қатысты сұрақтарды қоя аласыздар. Сонымен қатар азаматтарды қабылдау кестесімен, рұқсат беру құжаттарының тізбесімен танысуға болады, азаматтар мен ұйымдардың өтініштері бойынша ақпаратты қарай аласыз.

"Басқарманың ведомстваға қарасты мекемелері" бөлімінде: мекеме директорының Т.А.Ж., байланыс телефондары, басқарманың ведомстваға қарасты мемлекеттік орман мекемелерінің электрондық мекенжайлары орналасқан.

"Төлемақы ставкалары" бөлімінде мемлекеттік орман қорында орманды, жоғарғы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары және қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы туралы ақпарат бар.

Сайттан экологиялық сараптама және қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар беру туралы, орман пайдалану және су пайдалану мәселелері бойынша ақпараттарды табуға болады. Сондай-ақ, сайтта облыстың табиғат ресурстарының жағдайы туралы ақпараты бар экологиялық ағартуға арналған бөлімдер бар: "СҚО қоршаған орта жағдайы туралы ақпараттық бюллетені", "Облыстың су ресурстары", "Жануарлар әлемі". "Басқарманың бейне мұрағаты" бөлімдерінен табиғатты қорғау тақырыбына арналған бейнероликтерді көріп, фотомұрағатпен танысуға болады.

Жеке және заңды тұлғаларды жеке мәселелері бойынша қабылдауды басқарма басшысы Б.Қ.Исманов айдың әр бейсенбі күндері сағат 16.00-ден 18.00-ге дейін, басқарма басшысының орынбасары Е.Б.Тәшімов күн сайын дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін жүргізеді.

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" КММ Петропавл қаласы, Парк көшесі, 57 В үй мекенжайында орналасқан, анықтама алуға және алдын ала қабылдауға жазылуға арналған телефондар: 53-36-47, сенім телефоны 53-36-42, 53-36-40, e-mail: www.dpr.sko.gov.kz.

"СҚО облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" КММ мынандай мемлекеттік қызметтерді көрсетеді:

1) "II санаттағы объектілер үшін әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты беру".

2) "Жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен жүзеге асырылатын мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру".

3) "Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру";

4) "Инвестициялық салымдар кезінде балық шаруашылығы субъектілері шығыстарының бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау";

5) "Акваөсіру (балық шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық шаруашылығын дамытуды субсидиялау";

6) "Ағаш кесу және орман билетін беру" (ведомствоға бағынышты орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемелері көрсетеді);

Мемлекеттік қызметтерді электрондық үкімет порталында, "eGov mobile" мобильдік қосымшасында алу мүмкіндігі қарастырылған.

* * *

"ENKI" ЖШС 2023 жылғы 14 қыркүйектен бастап 10 жұмыс күн бойы Бірыңғай экологиялық порталда (ecoportal.kz) Солтүстік Қазақстан облысының Тайынша ауданында орналасқан Березов кен орнының Шығыс учаскесінің жеңіл күйген отқа төзімді саздарын өндіру жөніндегі операцияның салдарын жою жоспарына "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімі бойынша жария талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетін болады.

Аумағына ықпал ету мүмкін болатын және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Тайынша ауданы, Горькое ауылы.

Бастамашы – "ENKI" ЖШС, БСН 060240003963, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Солтүстік өнеркәсіптік аймақ 7-жол, 6 үй, тел.: 8(7162) 41-11-03, e-mail: tooenki@mail.ru.

Жобаны әзірлеуші "АЛАИТ" ЖШС, БСН 100540015046, Көкшетау қаласы, Шалқар көшесі, 18 үй, 15 кеңсе, тел.: 8(7162) 294586, e-mail: alait@mail.ru.

Порталға сілтеме: https://ecoportal.kz және https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде межеленіп отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты, құжаттардың көшірмелерін e-mail: alait2030@gmail.com сайты және 8777-421-20-14 телефоны арқылы алуға болады.

Жұртшылықтың қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты ЖАО – "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" КММ, Петропавл қ, Парк көшесі, 57в, тел.: 8 (715 2) 53 36 40, электрондық мекенжайы: e.aitzhanov@sko.gov.kz.

## Объявление

16.10.2023 года в 11.00 часов ТОО "NeoCenter" проводит общественные слушания по проекту отчет о возможных воздействиях. Место проведения: Кызылжарский район, Рощинский с.о., с.Пеньково, ул. Центральная,13 (здание акимата Рощинского с/о.). Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Заказчик, реквизиты и контактные данные: ТОО "NeoCenter" СКО, Кызылжарский район, Рощинский с/о, с. Березовка. Телефон 8-715-2-50-49-49, БИН 161240013855

Разработчик: ТОО "СЕВЭКОСФЕРА" г. Петропавловск, ул. Алтынсарина, 168Б, каб.306, тел.46-77-56, БИН 070540003044

Местный исполнительный орган ГУ "Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Северо-Казахстанской области", тел: 8(7152) 53-36-40, https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru.

Документация по проекту размещена на ЕЭП https://ecoportal.kz/ в разделе "Общественные слушания".

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на Едином экологическом портале и на сайте КГУ "Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Северо-Казахстанской области".

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить информацию по проекту и ознакомиться с копией документов, а так же направить замечания и предложения по проекту: КГУ "Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Северо-Казахстанской области", СКО, г. Петропавловск, ул. Парковая, 57 В, e-mail: dpr@sko.gov.kz

* * *

ТОО "ENKI" уведомляет о том, что с 14.09.2023 в течении 10 рабочих дней на Едином экологическом портале (ecoportal.kz) будут проводиться общественные слушания в форме публичных обсуждений по проекту Раздел "Охрана окружающей среды" к плану ликвидации последствий операции по добыче светложгущихся огнеупорных глин Восточного участка Берёзовского месторождения, расположенного в Тайыншинском районе Северо-Казахстанской области.

Перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Тайыншинский район с. Горькое.

Инициатор - ТОО "ENKI", БИН 060240003963, Акмолинская область, г. Кокшетау, промышленная зона северная 6, проезд 7, тел.: 8(7162) 41-11-03, e-mail: tooenki@mail.ru.

Разработчик проектной документации ТОО "АЛАИТ", БИН 100540015046, г. Кокшетау, ул. Шалкар 18, оф. 15, тел.: 8(7162) 294586, e-mail: alait@mail.ru.

Ссылка на портал: https://ecoportal.kz/ и https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru.

Можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности, при проведении публичных слушания, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности по e-mail: alait2030@gmail.com и по тел: 8777-421-20-14.

МИО ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний - КГУ "Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Северо-Казахстанской области", г. Петропавловск, ул. Парковая 57в, тел. 8(7152) 533640, электронный адрес: e.aitzhanov@sko.gov.kz.

* * *

Нотариус Кызылжарского района Северо-Казахстанского нотариального округа гр. Бойко Оксана Николаевна извещает об открывшемся наследстве после смерти гр. Жакупова Алтая Калижановича, умершего 24 июня 2023 года, зарегистрированного на день смерти в СКО, Кызылжарский район, с. Прибрежное, ул. Советская, дом 19, квартира 4.

Прошу наследников обратиться к нотариусу по адресу: село Бесколь, ул. Институтская, дом 1, кабинет 102, тел.: 8-(71538) 2-20-64. (здание институт животноводства и сельского хозяйства) до истечения шестимесячного срока до 24 декабря 2023 года.




● *Jer-jahan*

### ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚТЫҢ ЗАРДАБЫ



Ауа райының қолайсыздығы шаруаларды әбігерге салып тұр. Еуропалық диқандар зәйтүн тапшылығынан таршылық көрсе, Шри-Ланка халқы күрішсіз қалуы мүмкін. Еуропа зәйтүнге зар. Тапшылық әсіресе Испания мен Италия елдерінде байқалады. Жергілікті билік өкілдері биыл өндіріс көлемінің 20 пайызға төмендейтінін алға тартады. Шаруалардың айтуынша, мұндай жағдайға бірінші кезекте құрғақшылық әсер еткен. Бұл өз кезегінде зәйтүннің қымбаттауына түрткі болып отыр. Былтырмен салыстырғанда баға біршама өсіп кеткен. Мәселен, Италия мен Португалияда өтетін саудa бағасы екі есе өссе, Грекияда зәйтүннің бір келісі 8 еуродан саудаланып жатыр. Француздық шаруалар да шығынға баттық деп шырылдап отыр. Өйткені аптап ыстықтан жүзім алқаптары құрап қалған. Соның салдарынан биылғы өнім 10-20 пайызға төмен болмақ. Тығырыққа тірелген шарап өндірушілер енді не істерін білмей дал. Тек өз-өздерін жұбатып, аз да болса, сапалы өнім жинап алуға үміттенеді. Газа секторында да осыған ұқсас жағдай. Еккен жүзім аптапқа шыдамай күйіп кеткен. Соның салдарынан биыл түсім өте аз, тіпті былтырғы көрсеткіштен 60 пайызға кем болмақ.

### СҰРАНЫСҚА ИЕ ЭЛЕКТРОМОБИЛЬ

Әлемде электромобиль нарығының өрісі кеңейді. Алайда проблемалар да жоқ емес. Мәселен, машинаны қуаттайтын станция тым аз. Көлік сынса, жөндейтін маман тапшы. Соған қарамастан кейбір елдер электромобиль өндірісіне қолдау көрсетіп келеді. Мәселен, Индонезия үкіметі жүргізушілерді тоқпен жүретін көлікке ынталандырудың оңтайлы жолын тауыпты. Үндістанның көлік нарығы әлемде ең ірі бестікке кіреді. Соңғы жылдары елде электрокарлар сатылымы артқан. Биыл жылдың алғашқы жартысында 48 мың электромобиль өз иесін тапты. Әсіресе, мотоцикл, скутер және рикшаға сұраныс көп. Тұтынушылар электрлі автомобильдер шығыны аз әрі түрлі жеңілдіктер барын алға тартады. Индонезияда да соңғы уақытта электрокарлар сатылымы біршама өскен. Оған үкіметтің салықтық жеңілдігі әсер еткен. Бірақ азаматтардың көбі электромобиль сатып алуға асықпай отыр. Бұған мұндай көліктердің қымбат болуы мен оларды қуаттайтын станцияның аздығы себеп. Сарапшылар әлемнің өзге елдерінде де тұтынушалар дәл осындай мәселелерге тап болып отырғанын айтады. Бұдан бөлек адамдарды жүру қашықтығының аздығы мен қуаттауға кететін уақыттың көптігі де мазалайды.

### ТАСҚЫНҒА ТӨЗІМДІ ҮЙЛЕР

Пәкістанда табиғаттың тосын мінезіне төтеп бере алатын мықты үйлер салынып жатыр. Жоба авторының айтуынша, баспананың тағы екі артықшылығы – бағасы қолжетімді және жылдам тұрғызылады. Пәкістанның оңтүстігіндегі мұндай үйлер бір қарағанда лашық тәрізді. Бірақ олардың адам тіршілігі үшін орны ерекше. Сырт көзге осал болып көрінгенімен аймақта жиі болатын су тасқынына төтеп береді. Оның іргетасы жеңіл бамбук ағашынан тұрғызылады. Қабырғасы суға төзімді балшық пен әктің берік қоспасынан жасалады. Экологиялық жағынан да тиімді. Бұл үйлерді жаппай тұрғызу ісін жергілікті сәулетші Ясмин Лари қолға алған. Ол осындай баспананың бір мыңнан астамын салып үлгерген. Биыл 350 мың отбасы осындай баспанамен қамтамасыз етілмек. Былтыр Пәкістанда алапат тасқын жүріп, 1700-ден астам адам көз жұмып, 1,5 миллионнан астам отбасы баспанасыз қалған болатын. Осындай бір үйді тұрғызуға бір апта кетеді, құны 90 долларға жетпейді. Ал кәдімгі саз балшықтан салынатын үйді көтеруге кемінде бір ай керек және шығын да көп жұмсалады.



### КӨМІРГЕ ТӘУЕЛДІЛІК

Еуропалық одақтың көмірге тәуелділігі азайды. Мұны жаңа зерттеулер көрсетіп отыр. Биылғы жылдың алғашқы жартысында одақ елдерінің көмірді пайдалануы өткен жылмен салыстырғанда 17 пайызға төмендеген. Сарапшылардың пікірінше, бұған қыстың жылы болып, шикізатқа сұраныстың төмендеуі әсер еткен. Бірақ мамандар Еуроодақ көмірден толық бас тартуы үшін экологиялық таза қуат көздерін дамытуды жеделдету қажет дейді. Ал Халықаралық энергетикалық агенттік биыл әлемде көмір сатылымы артып, өткен жылғы рекордтан асып түсуі мүмкін деген болжам жасап отыр. "Дүниежүзіндегі барлық қаржы орындары көмір өндіру саласына қомақты қаржы бөлуді тоқтатуы керек. Біз бұл отынды пайдаланудан біртіндеп бас тартуымыз қажет. Экономикалық ынтымақтастық ұйымына мүше елдердің барлығы 2030 жылға қарай көмірді пайдаланудан арылуға тиіс", – дейді БҰҰ-ның бас хатшысы Антониу Гутерриш.

### ТЕЗ ТАРАЙТЫН ВИРУС

АҚШ-та "Eris" деп аталатын вирус тез тарап жатыр. Соңғы аптада бұл вирусты жұқтырып, ауруханаға түскендер саны күрт артқан. Дәрігерлер "COVID"-тің бұл түрі күз айларында тіпті өршуі мүмкін деп дабыл қағып отыр. "Eris" қазір АҚШ-тағы негізгі штаммдардың біріне айналған. Бұл – омикронның субварианты, өте жұқпалы саналады. Өткен айда АҚШ-та тіркелген науқастардың бестен бірінен инфекцияның осы түрі анықталды. Вирус жұқтырып, ауруханаға келушілер көбейіп барады. Соңғы екі аптада орташа тәуліктік статистика 20 пайызға өскен. Жалпы елдегі эпидахуал күн суыған соң тіпті ушығуы мүмкін. АҚШ-тың ауруларды бақылау орталығы қазан айында ғана індеттің жаңа түріне төтеп беретін екпені шығаруға рұқсат бермек. Ал дәрігерлер қазіргі вакциналар омикронның жаңа субвариантына толық қарсы тұра алмайды деп алаңдайды.

**(Ғаламтор материалдары негізінде әзірленді).**